«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Тақырыбы: «Туған жерім, өскен елім**

**Тәуелсіз Қазақстан!»**

**(ертеңгілік)**




**Тәрбиешілері: Молдашева Н.Б.**

**Искакова Р.Ж.**


**2022ж**

**16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған *«Туған жерім,өскен елім, Тәуелсіздік Қазақстан»* атты ертеңгілік**

**Мақсаты:**

**1)** Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру;

-балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру;

- Қазақстан Республикасынын мемлекетік рәміздері: Елтаңба, ту, гимн туралы білімдерін қалыптастыру;

- Отан туралы тақпақ.

**2)** Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.

**3)** Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

**«*Туған жерім,өскен елім, Тәуелсіздік Қазақстан* атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!**

Қуан халқым! Қуанатын күн бүгін,
Серпіп таста мұңды жүрек түндігін.
Шарықтайық, шаттанайық, тынбайық
Тәуелсіздік күнін бүгін, халқым бірге тойлайық!

***Қайрат Нұртас «Казақ елі» әнімен балалар залға кіреді.***

Барша халық таныған,
Біздің үміт тілекті.
Шырқалғанда гимнді,
Шаттық кернер жүректі.

**- Әнұранды орындау.**

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

**Балалар:** Қазақстан республикасы.

**Жүргізуші:** Қазақстан қандай мемлекет?

**Балалар:** Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

**Жүргізуші:** Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің елбасы кім?

**Балалар:** Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

**Жүргізуші:** Еліміздің елордасы қай қала?

**Балалар:** Нұр-Сұлтан.

Жақсы балалар.

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды. Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

**Тәрбиеші:**

Бақытым Республикам Қазақстан
Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан

Соған жетпес құшағы әлемнің де
Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.
**Мейірбек.**
Бабамның да арманы
Осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары
Бақ береді баршаға.
Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым.
Түсті бақыт жолыма,
Менің Қазақстаным
**Әлібн.**
Тәуелсіздік елдеміз,
Қуанамыз күнде біз.
Ата-бабам қалдырған,
Қазақтың біз батырымыз сенсеңіз!
Тәуелсіздік еліміз,
Мәңгі жасар жеріміз.
Тәуелсіздік жасаған,
Аға, әпкелеріміз.
**Мадина.**
Тәуелсіздік мақтанышым,
Бізге бақыт сыйлаған
Бейбіт күнде мен тынышпын,
Әрбір таңым нұр маған.
Тәуелсіздік таңы атты,
Барлық әлем жаңарып.
Осы тұрған халқыма,
Бейбітшілік орнады.
**Еркеназ.**
Жыр арнадым еліме тебірене,
Үміт артам елімнің ертеңіне.
Тәуелсіздік алғалы көп жыл болып,
Отаным жылдан-жылға көркеюде.
**Бақтияр.**
Отан-анаң аяулы,
Отан-әкен ақылшың.
Отан-асыл арманның,
Аялаған өз елің.
**Би: «Асық»** биін қабыл алыңыздар!
**Тәрбиеші:**
Рәміздерім елдігімнің белгісі
Білу керек баладағы ең кіші

Әнұран, Ту, Елтаң ба
Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.
- Балалар рәміздерімізді кім атап береді?
Дұрыс айтасыңдар балалар?
**Еңселі Елтаңбамызды сипаттау:**
ҚР-ның рәміздерінің бірі елтаңба.
Елтаңбада когілдір түсті аясында шаңырақ бейнеленген.Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар таралған. Шаңырақпен уық-отбасы негізі,Отаңымыздың коптеген ұлттардың бір шаңырақ астында бірлігін көрсетеді.Оң жағы мен сол жағында қанатты қос тұлпар бейнесі бейнеленген. Елтанбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдызша орналасқан.
Бес жұлдыз –әр бір адамның,халықтың жол нұсқайтын жарық жұлдызы деген мағынаны білдіреді.
Ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.Ол мемлекетіміздің атын білдіреді.Осы әсемде ,асқақ елтаңбаның авторлары:
Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уалиханов.
**Тұғырлы Туымызды сипаттау:**
Балалар мынау ҚР-ның мемлекеттік туы.Туымыздың түсі көк.Көк түс бірлік пен ашық аспанды көрсетеді.Туымыздың ортасында сәуле шашқан күнбейнесі орналаскан.Ол тыныштықпен байлықтың белгісі. Күн астында қалыктап ұшқан қыран құс бейнесі орналақсқан.Ол еркіндіктің,қазақ халқының жан дүниесінің белгісі.Туымыздың сабы бекітілген тұсында қазақтыңұлттық оюөрнегімен көмкерілген. Бұл ою-өрнек қазақ халқының қол өнер шебер болғанын білдіреді.
Тудың авторы-Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков.
**Асқақтаған Әнұранды сипаттау:**
Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең бастысы-Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні
Әнұранды түргеліп,жүректің тұсына қолдарын қойып айтады.Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді.
Әнұранның авторы:Шәмші Қалдаяқов,сөзін жазғандар: Жұмекен Нажмеденов,НұрсұлтанНазарбаев.
**Айша.**
Біргемін мәңгі сенімен,
Ешқашан сені сатпаймын.
Өзіңе деген өлшеусіз
Құрметімді сақтаймын.
Арнаймын саған ән-жырды.
Сен туралы жырлаймын,
Көркейе бер. Отаным,
Сенсіз жерге сыймаймын.
***Жанерке.***
Қазақтың жері кең байтақ,
Бабамның берген еншісі.
Желбірей бер көк байрақ,

Отанымның белгісі.

**Алихан.**

Көк аспанда көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен тек,
Елдің ашық қабағы.

**Қарақат.**

Отан біздің әніміз,
Отан біздің сәніміз.
Ер жетеміз туған ел,
Сені сүйіп бәріміз.

**Асхат.**

Атағы артық жаны аппақ,
Әй Отаным, Отаным.
Үмітіңді мен ақтап,
Үлесімді қосамын

**Нұрайым.**

Елтаңбасы елімнің,
Неткен айбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

**Тәрбиеші:**

16 желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн
Мерекеле ел қуанып,
Шаттанып ән салған күн!

**Ән: «Туған ел» әнін қабыл алыңыздар.**

**Айлын.**

Көк байрақ желбіре,
Асқақтап аспанда.
Жас ұлан ел-бірге,
Сап түзе жасқанба.

**Исламбек:**

Отанды біз Атамекен,
Деп аялап айтамыз.
Өйткені оны мекен еткен,
Бабамыз бен атамыз.

**Айзере.**

Бейбітшілік күн жаса,
Мейірімді асырап.
Тәуелсіз күнім жүз жаса,
Келеңсіз күнді жасырып

**Гүлсезім.**

Аялап әру ананы
Он алтыншы желтоқсан-

Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Атамменен барғанмын.
**Зере.**
Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік –ұлық той.
**Нұрай.**
Аралаймын алаңды,
Тәуелсіздік күнімен.
Батыр Қайрат ағамның,
Суретіне үңілген.
**Өркен.**
Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі
Мықты болсын елімнің керегесі
Тату-тәтті боп халқымыз әрқашан
Кетпесін туған жердің берекесі
**Оркестр топ.**
**Тәрбиеші:**
Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай.
Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар . Туымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар. Осы елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.

Енді міне біз тәуелсіз ел болдық.
Басқалармен терезесі тең болдық
Әрқашанда біз дайынбыз тайсалмай
Отан үшін болуға да құрбандық.
Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз
Денсаулықпен әкелсін берекеңіз
**Тәрбиеші:**
Құрметті қонақтар.Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар. ***«Тәуелсіздік тұғырым»*** атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет!









Көк туым желбіре аспанда!

25 қазан Республика күні құтты болсын!

3 топ. Бекмұрат Айша